

Бекітемін:

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы

Директор Махутова М.Х.

2025 жыл



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

№2 педагогикалық кеңес

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы:

«Түзете-дамыту жұмыстарында инновациялық технологияларды тиімді қолдану»

Өткізілген күні: «29» желтоқсан 2025 жыл.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ХАТТАМА №2

Өткізілген күні: «29» желтоқсан 2025 жыл

Түрі: Дәстүрлі

Тақырыбы:

«Түзете-дамыту жұмыстарында инновациялық технологияларды тиімді қолдану»

Мақсаты:

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарында инновациялық технологияларды тиімді қолдану тәжірибесін жетілдіру.

Төрайымы: Махутова М.Х.

Қатшы: Басбаева А.О.

Қатысқандар:8

Қатыспағандар:0

Міндеттері:

- Түзете-дамыту жұмыстарындағы заманауи әдістердің тиімділігін анықтау;
- Педагогтердің тәжірибе алмасуын ұйымдастыру;
- Инновациялық технологияларды оқу-тәрбие процесіне енгізу;
- Балалардың даму динамикасын жетілдіру.

Қатысқандар:

Балабақша меңгерушісі, логопед, дефектолог, психолог, тәрбиешілер, емдік дене шынықтыру маманы, әлеуеттік дағдыларды дамыту педагогы.

Күн тәртібі:

1. Түзете-дамыту жұмыстарында инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі туралы ақпараттамасы.
Ақпараттамашы: Директор Махутова М.Х.
2. «Заманауи әдістер арқылы сөйлеу тілін дамыту» тақырыбындағы логопед жұмысының есебі.
Баяндамашы: логопед Атабаева Н.
3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті талдау.
Баяндамашы: тәрбиеші Муалбаева Ә.

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңестің 1-мәселе бойынша: «Түзете-дамыту жұмыстарында инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі» туралы директор Махутова М. ақпараттама жасады

Инновациялық технологияларды қолданудың маңыздылығына тоқталып, түзете-дамыту жұмыстары барысында ойын технологиясы, арт-терапия, құм терапиясы, сенсорлық дамыту әдістері және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тиімділігі туралы баяндады.

ШЕШІМІ:

1. Түзете-дамыту жұмыстарында инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесі жетілдірілсін.
2. Оқу-тәрбие процесінде заманауи әдістер мен цифрлық ресурстар тиімді пайдаланылсын.
3. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жұмыстары жалғастырылсын.
4. Балалардың жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес түзете-дамыту жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

Педагогикалық кеңестің 2-мәселе бойынша: «Заманауи әдістер арқылы сөйлеу тілін дамыту» тақырыбындағы логопед жұмысының есебін логопед Атабаева Н.

Логопед балалардың сөйлеу тілін дамытуда қолданылатын заманауи әдістер мен дидактикалық ойындардың нәтижелері туралы айтып өтті. Жеке және топтық жұмыстардың тиімділігіне талдау жасалды.

ШЕШІМІ:

1. Сөйлеу тілін дамыту жұмыстарында заманауи әдістер мен логопедиялық технологиялар тиімді қолданылсын.
2. Балалардың тілдік даму ерекшеліктеріне сәйкес жеке жұмыстар жүйелі жүргізілсін.
3. Логопедиялық түзету жұмыстарының нәтижелері тұрақты бақылауға алынсын.
4. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар күшейтілсін.


Педагогикалық кеңестің 3-мәселе бойынша: «Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті» талдауды тәрбиеші Муалбаева Ә. баяндады

Тәрбиеші ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің қорытындысына тоқталып, инновациялық әдістерді қолдану арқылы балалардың танымдық белсенділігі артқанын атап өтті.


ШЕШІМІ:

1. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Оқу қызметінде қолданылған тиімді әдіс-тәсілдер тәжірибеде кеңінен қолданылсын.
3. Балалардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.
4. Педагогтердің кәсіби тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі ұйымдастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы: _____



Хатшы: _____





Бекітемін: «Талшып» инновационді оңалту балабақшасы
Директор Махутова М.Х.
2025 жыл

АҚПАРЛАМА

Тақырыбы:

Түзете-дамыту жұмыстарында инновациялық технологияларды
қолданудың тиімділігі

Баяндамашы: Махутова М.

АҚПАРЛАМА

Тақырыбы: Түзете-дамыту жұмыстарында инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі

Жауапты: Директор Махутова М.Х.

Құрметті педагогтар!

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде, әсіресе оңалту-түзету бағытындағы балабақшаларда инновациялық технологияларды тиімді қолдану маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс барысында заманауи әдістерді пайдалану балалардың даму мүмкіндіктерін арттырып, оқу-тәрбие процесінің сапасын жақсартады.

Балабақшада түзете-дамыту жұмыстары балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылуда. Педагогтер мен мамандар оқу қызметінде ойын технологияларын, арт-терапия, құм терапиясы, сенсорлық дамыту жаттығуларын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдануда.

Инновациялық технологияларды қолданудың негізгі мақсаты — балалардың сөйлеу тілін, танымдық белсенділігін, ұсақ және жалпы моторикасын, әлеуметтік бейімделуін дамыту. Сонымен қатар балалардың эмоционалдық жай-күйін тұрақтандыру мен қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Логопедиялық және дефектологиялық жұмыстарда интерактивті ойындар, көрнекі материалдар, дыбыстық жаттығулар және цифрлық ресурстар қолданылып келеді. Бұл әдістер балалардың қызығушылығын арттырып, оқу қызметіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

Педагог-психологтар эмоционалдық даму мен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда релаксациялық жаттығулар, ойын терапиясы және психологиялық тренингтер өткізуде. Ал тәрбиешілер оқу қызметінде шығармашылық және зерттеушілік әрекеттерді ұйымдастыру арқылы балалардың дербестігін дамытуда.

Жыл бойы жүргізілген мониторинг нәтижелері инновациялық технологияларды қолданудың оң әсерін көрсетті. Балалардың сөйлеу белсенділігі, танымдық қызығушылығы және әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларының дамуында оң өзгерістер байқалды.

Сонымен қатар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында семинарлар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылды. Педагогтер өз тәжірибелерінде заманауи әдістерді қолдану бойынша белсенділік танытуда.

Қорытынды:

Қорытындылай келе, түзете-дамыту жұмыстарында инновациялық технологияларды тиімді пайдалану ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жан-жақты дамуына, олардың қоғамға бейімделуіне және сапалы білім алуына мүмкіндік береді. Сондықтан алдағы уақытта да заманауи технологияларды енгізу және тәжірибеде тиімді пайдалану жұмыстары жалғасатын болады.

Ұсыныстар:

- Түзете-дамыту жұмыстарында инновациялық технологияларды қолдану аясын кеңейту;
- Оқу-тәрбие процесінде ойын, арт-терапия және сенсорлық дамыту әдістерін жүйелі пайдалану;
- Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру;
- Балалардың жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес түзету жұмыстарын жетілдіру;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдануды жалғастыру;
- Ата-аналармен серіктестік жұмыстарын күшейту.


Назарларыңызға рахмет!

Өткізілген күні: « 29 » желтоқсан 2025жыл

Бекітемін:

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы
Директор Махутова М.Х.

2025 жыл



БАЯНДАМА

Тақырыбы: «Заманауи әдістер арқылы сөйлеу тілін дамыту»

Баяндамашы: Атабаева Н.

БАЯНДАМА

Тақырыбы: «Заманауи әдістер арқылы сөйлеу тілін дамыту»

Баяндамашы:

Логопед Атабаева Н.

Құрметті педагогтар!

Сөйлеу тілін дамыту – мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі даму бағыттарының бірі болып табылады. Әсіресе оңалту-түзету балабақшасында бұл жұмыс ерекше маңызға ие, себебі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру олардың жалпы дамуына тікелей әсер етеді.

Осы мақсатта балабақшада заманауи логопедиялық әдістер мен технологиялар жүйелі түрде қолданылуда. Оқу-түзету процесінде ойын технологиясы, артикуляциялық жаттығулар, логопедиялық ритмика, сенсорлық дамыту элементтері және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тиімді пайдаланылуда.

Балалармен жұмыс жеке және топтық түрде ұйымдастырылып, әр баланың сөйлеу тіліндегі ерекшеліктері ескеріледі. Артикуляциялық аппаратты дамытуға арналған жаттығулар тұрақты жүргізіліп, дыбыстарды дұрыс айту дағдылары қалыптастырылуда. Сонымен қатар фонематикалық есту қабілетін дамытуға бағытталған тапсырмалар да жүйелі түрде орындалуда.

Балалардың сөздік қорын байыту және байланыстырып сөйлеуін дамыту мақсатында сюжеттік-рөлдік ойындар, сурет бойынша әңгімелеу, ертегі құрастыру, дидактикалық ойындар кеңінен қолданылады. Бұл әдістер балалардың қызығушылығын арттырып, сөйлеу белсенділігін күшейтеді.

Ата-аналармен жұмыс та маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Ата-аналарға үй жағдайында орындалатын тіл дамыту жаттығулары бойынша кеңестер беріліп, бірлескен жұмыс жүргізілуде.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде балалардың дыбыстарды дұрыс айтуы, сөздік қорының кеңеюі және сөйлеу белсенділігінің артуы байқалуда.

Қорытынды:

Қорытындылай келе, заманауи әдістерді тиімді қолдану сөйлеу тілін дамыту жұмыстарының сапасын арттырып, балалардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Назарларыңызға рахмет!

Күні: «29» желтоқсан 2025жыл

Бекітемін:

«Галың» инклюзивті оналту балабақшасы
Директор Махутова М.Х.



БАЯНДАМА

Тақырыбы: Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті талдау

Баяндамашы: Муалбаева Ә.

БАЯНДАМА

Тақырыбы: Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті талдау

Баяндамашы: Тәрбиеші Муалбаева Ә.

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері!

Бүгінгі баяндамада ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің өту барысы, қолданылған әдіс-тәсілдер және оның нәтижелері туралы тоқталамын.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет мектепке дейінгі тәрбие процесінде педагогтің кәсіби шеберлігін көрсетуге, сондай-ақ балалардың даму деңгейін бақылауға мүмкіндік беретін тиімділігі, қолданылған әдістердің нәтижелілігі және балалардың белсенділігі бағаланады.

Ашық іс-әрекет барысында заманауи педагогикалық технологиялар кеңінен қолданылды. Атап айтқанда ойын технологиясы, көрнекілік әдістер, логикалық тапсырмалар, дидактикалық ойындар және сенсорлық дамыту элементтері пайдаланылды. Бұл әдістер балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етті.

Іс-әрекет құрылымы кезең-кезеңімен ұйымдастырылып, кіріспе бөлімде балалардың назарын шоғырландыру жұмыстары жүргізілді. Негізгі бөлімде тақырыпқа сәйкес тапсырмалар орындалып, балалардың ойлау, сөйлеу және қимыл-қозғалыс дағдылары дамытылды. Қорытынды бөлімде алынған білім бекітіліп, рефлексия жүргізілді.

Балалардың сабаққа қатысу белсенділігі жоғары болды. Олар тапсырмаларды қызығушылықпен орындап, өз ойларын еркін жеткізе білді. Сонымен қатар топтық жұмыс барысында өзара қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдылары дамыды.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті талдау барысында педагогтің кәсіби шеберлігі, әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдауы және балалармен жұмыс жүргізу мәдениеті жоғары деңгейде екені байқалды. Сонымен қатар кейбір балаларға жеке қолдау көрсету қажеттілігі анықталды.

Қорытынды:

Қорытындылай келе, ашық ұйымдастырылған іс-әрекет оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға, педагогтердің тәжірибе алмасуына және балалардың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізеді.

Назарларыңызға рахмет!

Күні: «29» желтоқсан 2025 жыл

ҚҰЖАТ ТІГІЛДІ ЖӘНЕ НӨМІРЛЕНДІ

Баряныы № (*ce*) беттен тұрады

Мөр орынды

КОЛЫ *[Signature]*

